

*L. 4. L. L.*  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ  
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

## «VI ҚАБДОЛОВ ОҚУЛАРЫ»

атты халықаралық ғылыми-теориялық қонференция  
материалдарынын жинағы  
24 желтоқсан 2013 жыл

СБОРНИК  
международной научно-теоретической конференции

## «VI КАБДОЛОВСКИЕ ЧТЕНИЯ»

24 декабря 2013 год

Proceedings  
of International scientific-theoretical conference

## «VI KABDOLOV'S READINGS»

2013 Desember, 24<sup>th</sup>

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2013

УДК 821.512.122.0

ББК 83.3(5Каз)

Қ13

**Жауапты редактор**

Қ.Әбдезұлы

**Құрастырушылар:**

А. Темірболат, П. Бисенбаев

**VI Қабдолов оқулары/ құраст.: А.Темірболат, П. Бисенбаев. – Алматы: Қазак университеті, 2013. –**

**ISBN 978-601-04-0389-5**

УДК 821.512.122.0

БК 83.3(5Каз)

«Қабдолов оқулары» деген атпен өтетін дәстүрлі халықаралық ғылыми-теориялық конференция әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі биыл алтыншы рет өтіп отыр. Қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасының ұжымы шығарып отырған бұл жинаққа шетелдік және отандық белгілі ғалымдар мен докторанттардың, магистранттардың зерттеулері еніп отыр.

Жинақ әдебиеттанушы мамандарға, жоғарғы оқу орындары студенттері мен аспиранттарына, жалпы сөз онерін қадірлайтін оқырманға арналған.

**ISBN 978-601-04-0389-5**

© Темірболат А., Бисенбаев П., 2013

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2013

## МАЗМҰНЫ

### I. ҚАБДОЛОВТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*T.C. Тебегенов, ф.з.д. профессор*

Академик Зейнолла Қабдолов - әлемдік әдебиеттандырылымындағы классик- ғұлама.....

3

*M. Умбетаев, ф.з.к., доцент*

Ұстаз-Ғалым өнегесі.....

11

*Г. Болатова, д.ф.н.*

Қабдолов – Ауэзовед.....

15

*A. Zharanova, Department of Translation Theory and Methodology, KazNU*

Zeynolla Kabdolov.....

17

### II. ТУҒАН ӘДЕБИЕТ ТУРАЛЫ ТОЛҒАМДАР

*T. У. Есембеков, ф.з.д., профессор*

Коркем мәтінді филологиялық талдау үдерісі.....

19

*K. Мәдібева, ф.з.д., профессор*

Әбділда Тәжібаев. «Портреттер» поэмасы.....

22

*Абдулина А.Б. , доктор филологических наук, профессор КазНУ имени аль-Фараби*

Историческая личность в системе образных парадигм

(на материале казахского романа ХХ века).....

24

*Г. З. Бектурганова, к.ф.н., доцент КазНУ имени аль-Фараби*

Жанровые особенности «человеческой комедии» Бальзака.....

27

*A. С. Бұлдыбай ф.з.к., доцент*

Ақындықтың айғағы – Айтыс.....

30

*Л. Мұсалы ф.з.к., доцент*

Оралхан Һәм Оқырман.....

35

*Сейденова С.Д., к.ф.н., доцент,*

Лириз прозы А.Нуршаихова .....

36

*П. Бисенбаев, Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

*Қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасының ага оқытушысы*

Шығыстық кисса-дастандардағы мифологиялық кейіпкерлер.....

40

*Т. Б. Сейдімханова, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*Мемлекеттік тіл кафедрасының ага оқытушысы*

Түркі халықтарына ортақ әдеби мұралар .....

43

*П. Бисенбаев, Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

*Қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасының ага оқытушысы*

«Ләйлі-Мәжнүн» дастанының шығыстық нұсқалары.....

46

**К. Мәдібетова, ф.з.д., профессор**

### **ӘБДІЛДА ТӘЖІБАЕВ. «ПОРТРЕТТЕР» ПОЭМАСЫ**

«Портреттер» поэмасы – қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Әбілда Тәжібаевтың ақындық шеберлік өрісіндегі елеулі туындының бірі. Қазан төңкерісінің 40 жылдыңда тұсында автор ел басынан өткен қылыш кезендер, қылыш күйлер тұргысында толғанады. Тұтас бір әулеттің тарихы ел тарихымен тұтастықта алынған шығарма қазақ әдебиетінде оқиғасыз лирикалық поэма ұлгасында орныға бастағанын көрсетті.

Лирикалық қаһарман дүниенің аса бір ынтық көзбен шолады, өткен тарихтың айқын азаматтық зердемен ой тезінен өткізеді.

Дәуір сипаттарын оқиға ауқымында, шиеленісті тартыстар шешімінде ашуға автор ынталы емес, керісінше қаһарманның жан әлеміндегі боямасыз жеке шынайы түйсіну, сезім тербелістері арқылы адам тағдарларының қоғамдық-әлеуметтік сілкіністер аясындағы баянды, баянсыз халінен сыр ашуға ден қойған.

Уақыт және уақыт қолеміндегі адам тағдарларының ақын жинақы, шебер, кестелі тілмен, жанды суреттеулермен, асқақ, өміршөң адамсүйгіштік рухты ашады.

Шығарма тіршілік қуанышымен шаттанған қаһарманның төрт құбыласы түгел қалпында басталады да, әрі қарай бір үйлі жаннның өмір сәулесі солғындал, аскар тау әкeden, араға жылдар салып әке орнына әке болған бауыр – ағадан, ұзамай көз қуанған қарындастан көз жазып қалуы, қайғылы жылдар өтінде қасіреттен шөккенімен, қайтадан жаңғырған өмір шуағына жылынған қарт ана тағдыры - төңкеріс, зобалан, соғыс жылдарында тұтас бір халық бастан өткөрген тарих.

Лирикалық қаһармен сезініп бастан өткөрген өмірдің әрбір адамға етene кымбат сэттері, тым таныс күйлері толқытады. Автор ұтымды, ұрымтал тұстардан алыш отыратын тіршілік құбылыстары өтімді көркемдік шешім арқауларын түзеді.

Құм айдан, ақшаңдақпен аспанды лайлан боран соқса да тынбай соқкан жең өтінде, боран соқса да «тістенін» құламай тұрған жаман үйшік – лирикалық қаһарманның аспан асты жер үсіндегі – жан жұмағы. Ата-ана, аға мен қарындақ катар отырып қара су ішсе де – одан асқан бақыт бар ма!

Дүниеге ойын баласының танымымен қараша рахатын автор тіршілік құбылыстары ауқымында алып, сырлы бір күйлер шертеді.

Тұнгі ойыннан алқын-жұлқын оралын келе жатып үйінің мұржасынан шықкан тұтінге қуана қарайды.

Дуылдастып сыр бөлінін, тәтті ұйықтап, жақсы тұстар көретін. Кейіпкерлердің алансыз, шаттығы көп күндерінің себебін түсіну қын емес.

Бөлмеге кірмеген сон күн сәулесі  
Жарқырап көрген емес үйдін іші.  
Сонда да кемімейтін еркелігім,  
Тұспейтін көңілімс бұлт көлеңкесі.  
Әкемнің жылытты да от көздері –  
Көк шөптей өсе бердім көктемдегі.

Озінен ересек ағасы кітапқа құмар . Осы шағын поэмада адам мінездері ашылған, портрет арқылы кейіпкерлерін даралап отыруға да мән беріледі.